ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Электртехникалық қолдануға арналған сұйықтық
ТРАНСФОРМАТОРЛАР МЕН КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АППАРАТУРАҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МИНЕРАЛДЫҚ ОҚШАУЛАУ МАЙЫ

Жидкости электротехнического назначения
НОВЫЕ ИЗОЛИРУЮЩИЕ МИНЕРАЛЬНЫЕ МАСЛА ДЛЯ ТРАНСФОРМАТОРОВ И КОММУНИКАЦИОННОЙ АППАРАТУРЫ

ҚР СТ МЭК 60296-2011

IEC 60296:2003-11 Edition 3 (E) Fluids for electrotechnical applications – Unused mineral insulating oils for transformers and switchgear (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Электртехникалық қолдануға арналған сұйықтық

ТРАНСФОРМАТОРЛАР МЕН КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АППАРАТУРАҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МИНЕРАЛДЫҚ ОҚШАУЛАУ МАЙЫ

ҚР СТ МЭК 60296-2011

IEC 60296:2003-11 Edition 3 (E) Fluids for electrotechnical applications – Unused mineral insulating oils for transformers and switchgear (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және № 70 «Ресурс үнемдеуді стандарттау» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы 11 қарашадағы № 607-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт IEC 60296:2003-11 Edition 3 (E) Fluids for electrotechnical applications - Unused mineral insulating oils for transformers and switchgear (Электртехникалық қолдануға арналған сұйықтық. Трансформаторлар мен коммуникациялық аппаратураға арналған жаңа минералдық оқшаулау майы) халықаралық стандартымен бірдей.

IEC 60296:2010 стандартын ТК 10 МЭК «Электр техникалық қолдануға арналған сұйықтықтар» дайындады

Негізінде осы мемлекеттік стандарт дайындалған және сілтемелер берілген IEC 60296:2010 стандартының ресми даналары Техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қорында бар.

Негізінде осы бірдей мемлекеттік стандарт дайындалған ағылшын тілінен аударылған ресми аударманы «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК орындады.

Бірдей мемлекеттік стандарттағы нормативтік сілтемелер өзектендірілген.

Сілтемелік халықаралық стандарттардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер Д.А қосымшасында берілген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	Кіріспе	IV
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Майдың қасиеттері	4
5	Жіктеу, бірдейлендіру, сынамаларды жеткізуге және іріктеуге қойылатын жалпы талаптар	5
6	Қасиеттері, олардың маңыздылығы және сынау әдістері	6
7	Арнайы қолдануға арналған ерекше талаптар	12
	Д.А қосымшасы (ақпараттық) Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандарттарының сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер	14
Библиография		15

Кіріспе

Осы үшінші басылым 1982 жылы жарияланған екінші басылымды, 1-түзетуді (1986) жойып, ауыстырады және 2011 жылға арналған техникалық қайта қарауды білдіреді.

Осы стандарт қолданылуына байланысты барлық қауіпсіздік проблемаларын қарауды алдына мақсат етіп қоймайды. Осы стандартты пайдаланушылар тиісті қауіпсіздік және денсаулық сақтау ережелерін, сондай-ақ осы стандартты қолданар алдында шектеуші нұсқауларды белгілеуге жауапты.

Осы стандарттың нысаны болып табылатын оқшаулаушы минерал (трансформатор) майларын тиісті сақтық шараларын сақтай отырып өңдеу қажет. Көзбен тікелей байланыс тітіркендіруі мүмкін. Көзге тиген жағдайда көзді мол таза ағын сумен жуу және медициналық кеңес алу қажет. Осы стандартта белгіленген сынақтардың бөлігіне қауіпті жағдайға соқтыратын процестерді пайдалану кіреді. Басшылық үшін тиісті стандарттарға назар аудару қажет.

Майды жоюды қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу туралы жергілікті регламенттерге сәйкес орындау қажет. Минерал май шығарындыларының қоршаған ортаға түспеуі үшін барлық ескертулерді ескеру қажет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Электртехникалық қолдануға арналған сұйықтық

ТРАНСФОРМАТОРЛАР МЕН КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АППАРАТУРАҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МИНЕРАЛДЫҚ ОҚШАУЛАУ МАЙЫ

Енгізілген күні 2013-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт бұрын қолданыста болмаған оқшаулаушы минералдық майларға арналған техникалық талаптар мен сынау әдістерін белгілейді.

Осы стандарт шикі мұнайды дистилдеу және өңдеу кезінде алынған және трансформатор құрылғыларында, тарату құрылғыларында және оларға ұқсас электр жабдықтарында диэлектрик және жылу бергіш ретінде пайдалануға арналған майларға (қосымсыз және қосымды) қолданылады. Осы стандарттың талаптары жеткізу орны мен уақыты бойынша келісілген өнімге қолданылады.

Осы стандарт кабельдерде немесе конденсаторларда сіңіру заттары ретінде пайдаланылатын регенерациялау майлары мен минерал майларға қолданылмайды.

ЕСКЕРТПЕ Бірдей класты және құрамында қоспалар жоқ (3.4 қараңыз), осы стандарттың талаптарына сәйкес келетін оқшаулаушы минерал майлар бір-бірімен үйлесімді деп есептеледі және кез келген үлесте араласа алады. Бұл құрамында қоспалар жоқ майларға қолданылмайды. Пайдаланушы осындай майларды араластырғысы келген жағдайларда осы стандарттың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін тексеру ұсынылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

IEC 60076-2:2011* Power transformers - Part 2: Temperature rise for liquid-immersed transformers (жарияланған күні - 2011-02-23). (Күштік трансформаторлар – Сұйықтыққа батырылатын трансформаторлар үшін температураны көтеру).

IEC 60156:1995* Insulating liquids - Determination of the breakdown voltage at power frequency -Test method (жарияланған күні - 1995-08-08, 2016 жылға дейін қолданылады). (Электр оқшаулау сұйықтықтары. Электр желісі жиілігіндегі өту кернеуін анықтау. Сынау әдісі).

IEC 60247:2004* Insulating liquids - Measurement of relative permittivity, dielectric dissipation factor and d.c.resistivity (жарияланған күні - 2004-02-01). (Электр оқшаулау сұйықтықтары. Салыстырмалы өткізгіштікті, диэлектр ыдырау коэффициентін және тұрақты ток кедергісін өлшеу).

IEC 60422:2005*, ed.3 Mineral insulating oils in electrical equipment - Supervision and maintenance guidance (жарияланған күні - 2005-10-01). (Электр жабдығында пайдаланылатын оқшаулаушы минерал майлар. Қызмет көрсету және қадағалау бойынша басшылық нұсқаулар).

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

IEC 60475:1974* Method of sampling liquid dielectrics (жаңа жоба дайындалды - IEC 60475, ed.2., әзірлеу сатысы коды - ADIS, күтілетін жарияланым - 2011-09-30). (Сұйық диэлектриктер сынамаларын іріктеу әдісі).

IEC 60628:1985* Gassing of insulating liquids under electrical stress and ionization (жарияланған күні- 1985-01-01). (Электр жүктемесі және иондау кезінде электр оқшаулау майларында газ бөлу).

IEC 60666:2010* Detection and determination of specified anti-oxidant additives in insulating oils (жарияланған күні – 2010-04-01). (Оқшаулау минерал майларындағы берілген антиоксидант қосымдарын айқындау және анықтау).

IEC 60814:1997*, ed.2 Insulating liquids - Oil-impregnated paper and pressboard - Determination of water by automatic coulometric Karl Fischer titration (жарияланған күні - 1997-08-29, PWI әзірлеу сатысындағы үшінші редакцияның жобасы, жарияланған күні белгіленген жоқ). (Электр оқшаулау сұйықтықтары. Май сіңірілген қағаз және прессшпан. Карл Фишер бойынша автоматты кулонометрлік әдіспен үлгідегі суды анықтау).

IEC 61125:1992* Unused hydrocarbon based insulating liquids - Test methods for evaluating the oxidation stability (жарияланған күні - 1992-08-31, 2013 жылға дейін қолданылады). (Қолданыстағы болмаған электр оқшаулау көмірсутек сұйықтықтарының тотығуға тұрақтылығын бағалау әдістері).

IEC 61198:1993* Mineral insulating oils - Methods for the determination of 2-furfural and related compounds (жарияланған күні - 1993-09-30, 2018 жарияланған күні). (Оқшаулаушы минерал майлар. 2-фурфуролды және оларға байланысты химиялық қосылыстарды анықтау әдістері).

IEC 61619:1997* Insulating liquids - Contamination by polychlorinated biphenyls (PCBs) - Method of determination by capillary column gas chromatography (жарияланған күні - 1997-04-10, 2019 жылға дейін қолданылады). (Электр оқшаулау сұйықтықтары. Полихлорланған бифенилдермен ластану. Қылтүтікті колониялық газ хроматографиясының көмегімен анықтау әдісі).

IEC 61620:1998* Insulating liquids - Determination of the dielectric dissipation factor by measurement of the conductance and capacitance - Test method (жарияланған күні - 1998-11-17, 2019 жылға дейін қолданылады). (Электр оқшаулау сұйықтықтары. Өткізгіштікті және сыйымдылықты өлшеу жолымен диэлектр таралу коэффициентін (*диэлектр шығыны бұрышы тангенсі*) анықтау – Сынау әдісі).

IEC 61868* Mineral insulating oils - Determination of kinematic viscosity at very low temperatures (жарияланған күні - 1998-11-16, 2019 жылға дейін қолданылады). (Оқшаулаушы минерал майлар. Өте төмен температураларда кинематикалық тұтқырлықты анықтау).

IEC 62021-1* Insulating liquids - Determination of acidity - Part 1: Automatic potentiometric titration (жарияланған күні - 1998-11-16, 2019 жылға дейін қолданылады). (Электр оқшаулау сұйықтықтары. Қышқылдықты анықтау. 1-бөлім. Автоматты потенциометрлік титрлеу).

ISO 2719:2002* Determination of flash point - Pensky-Martens closed cup method. (үшінші басылым, жарияланған күні - 2008-05-28). (Тұтану температурасын анықтау. Жабық отбақыраштыПенски-Мартенс құралын қолданып жасалатын әдіс).

ISO 3016:1994* Petroleum products - Determination of pour point (жарияланған күні - 2005-11-16). (Мұнай өнімдері. Қату температурасын анықтау).

---

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

ISO 3104:1994* Petroleum products - Transparent and opaque liquids - Determination of kinematic viscosity and calculation of dynamic viscosity (жарияланған күні - 2005-11-16). (Мұнай өнімдері. Мөлдір және мөлдір емес сұйықтықтар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау және динамикалық тұтқырлықты есептеу).

ISO 3675:1998* Crude petroleum and liquid petroleum products - Laboratory determination of density - Hydrometer method (жарияланған күні - 2010-12-17). (Шикі мұнай және сұйық мұнай өнімдері. Ареометрді пайдаланып тығыздықты зертханалық анықтау әдісі).

ISO 6295:1983*, Petroleum products - Mineral oils - Determination of interfacial tension of oil against water - Ring method (стандарт ауыстырылмай 2005-02-01 жойылды). (Мұнай өнімдері. Минерал майлар. Су-май бөліну бетінде беткі керілуді анықтау. Сақина әдісі).

ISO 12185:1996* Crude petroleum and petroleum products - Determination of density - Oscillating U-tube method (жарияланған күні - 2006-10-08). (Шикі мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты анықтау. U-тәрізді түтікті осцилляциялау әдісі).

ISO 14596:2007* Petroleum products - Determination of sulfur content -- Wavelength-dispersive X-ray fluorescence spectrometry (жарияланған күні - 2010-12-17). (Мұнай өнімдері. Толқын ұзындығы бойынша дисперсиялы рентгенофлуоресценттік спектрометрия әдісімен күкірт мөлшерін анықтау).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданылуын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың сілтемесі» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер пайдаланылды:

3.1 Трансформатор майы (transformer oil)**:** Қышқылдануға әдеттегі төзімділік талап етілетін трансформаторлар мен оларға ұқсас электр жабдықтарына арналған оқшаулаушы минерал май.

3.2 Тарату құрылғыларына арналған төмен температуралы май (low temperature switchgear oil)**:** Өте суық климаттық жағдайларда май толтырылған тарату құрылғысына арналған оқшаулаушы минерал май.

3.3 Қосым (additive)**:** Жекелеген сипаттамаларды жақсарту үшін оқшаулаушы минерал майға арнайы қосылған тиісті химиялық зат.

ЕСКЕРТПЕ Үлгілерге антиоксиданттар қосылады; қату температурасын (майдың) төмендететін депрессорлық қосымдар; электр статикалық заряд депрессанттары, мысалы, бензотриазол (ВТА); көбіктенуге қарсы қосымдар; тазарту сапасын жақсартатын қосымдар және т.б.

* СТ РК 1.9 сәйкес қолданылады

3.4 Антиоксидант қосым (antioxidant additive)**:** Қышқылдандыруға төзімділікті жақсарту үшін оқшаулаушы майға енгізілген қосым.

ЕСКЕРТПЕ. Сатылуда антиоксидант қосымдарының үлкен мөлшері бар. Осы стандарт үшін олар бірдейлендірілген IEC 60666 дейін шектелген.

3.5 Ингибирленбеген май (uninhibited oil)**:** Құрамында антиоксидант қосымдар жоқ, бірақ құрамында басқа қосымдар бар оқшаулаушы минерал май.

3.6 Қалдық (ізі қалатын) ингибирленген май (trace inhibited oil)**:** 3.4-те көрсетілгендей, құрамында басқа қоспалармен бірге 0,08 % антиоксидант қосымға дейін болатын оқшаулаушы минерал май.

3.7 Ингибирленген май (inhibited oil)**:** 3.3-те көрсетілгендей, құрамында басқа қосымдармен бірге, кем дегенде 0,08 % және барынша үлкен 0,40 % антиоксидант қосым болатын оқшаулаушы минерал май.

3.8 Бұрын қолданыста болмаған оқшаулаушы минерал май (unused mineral insulating oil)**:** өнім беруші жеткізетін оқшаулаушы минерал май.

ЕСКЕРТПЕ Осындай май электр жабдығымен немесе өндіру, сақтау немесе тасымалдау үшін талап етілмейтін басқа жабдықтармен байланыста болмаған және пайдаланылмаған. Пайдаланылмаған майды дайындаушы және жеткізіп беруші полихлорланған бифенилдермен немесе терфенилдермен (PCB, PCT) ластану, пайдаланылмаған, регенерацияланбаған немесе дехлорланбаған майлардың немесе басқа ластағыштардың болмауын қамтамасыз ету үшін сақтық шараларын сақтауға тиіс.

3.9 Регенерацияланған май (reclaimed oil)**:** Еритін және ерімейтін ластарды жою үшін химиялық және/немесе физикалық өңдеуден өткен электр жабдығында пайдаланылған оқшаулаушы минерал май.

ЕСКЕРТПЕ Кез келген пропорциядағы пайдаланылмаған және регенерацияланған майдың қоспасы регенерацияланған деп есептеледі.

4 Майдың қасиеттері

Сипаттамалар 1 және 2-кестелерде, 7-тарауда берілген.

4.1 Функционалдық қасиеттер

Электр оқшаулауға және сұйықтықты салқындатуға әсер ететін май қасиеттері.

ЕСКЕРТПЕ Функционалдық қасиеттерге тұтқырлық, тығыздық, қату температурасы, су мөлшері, үзілу кернеуі және диэлектр таралу коэффициенті (диэлектр шығындары бұрышының тангенсі) кіреді.

4.2 Тазалау және тұрақтылық

Тазалау сапасы мен типтеріне және қосымдарға байланысты май қасиеттері.

ЕСКЕРТПЕ Оларға сыртқы түрі, беткі керілу, күкірттің мөлшері, қышқылдылық, жемірілу күкірті, 2-фурфорол мөлшері сияқты қасиеттер кіреді.

4.3 Пайдалану қасиеттері

Майдың ұзақ пайдаланылуына және/немесе оның жоғары электр кернеуі мен температураға реакциясына байланысты қасиеттері

ЕСКЕРТПЕ Қасиеттеріне тотығуға төзімділік, газ бөлу қасиеті (майдың улануы), электр статикалық зарядтың жиналу қасиеті (ЕСТ) кіреді.

4.4 Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған орта (НСЕ)

Майдың қауіпсіз өңдеуге және қоршаған ортаны қорғауға байланысты қасиеттері.

ЕСКЕРТПЕ Осындай қасиеттерге қату температурасы, тығыздық, полициклді хош иісті қосылыстар (РСА), полихлорланған бифенилдер/терфенилдер (PCD/PCT) жатады.

5 Жіктеу, бірдейлендіру, сынамаларды жеткізуге және іріктеуге қойылатын жалпы талаптар

5.1 Жіктеу

5.1.1 Кластар

Осы стандарттың мақсаттары үшін, оқшаулаушы минерал майлар екі класқа жіктеледі:

- трансформатор майлары;
- тарату құрылғыларына арналған төмен температуралы май.

5.1.2 Антиоксидант қосымның (ингибитордың) мөлшері

Трансформатор майлары ішінде антиоксидант қосымдар болуына немесе болмауына сәйкес үш топқа жіктеледі:

- ингибирленбеген май: U әрпімен таңбаланған;
- ингибиторлы қалдық трансформатор майы: Т әрпімен таңбаланған;
- ингибиторлы трансформатор майы: I әрпімен таңбаланған.

5.1.3 Кернеудегі трансформаторды қосатын ең аз температура (LCSET)

Ингибиторды белгілегеннен кейін LCSET берілуге тиіс.

Кернеудегі трансформаторды қосатын ең аз температура минус 30 °С тең; қосымша басқа LCSET 1-кестеге сәйкес іріктеледі.

МЫСАЛ: I трансформатор майы - минус 40 °С, Т трансформатор майы - минус 30 °С, U трансформатор майы - 0 °С.

5.2 Талаптар

Осы стандарттың жалпы талаптары 2-кестеде белгіленген.

Ерекше талаптар 7-тарауда белгіленген.

5.3 Араласу

LCSET бір класты, бір топтағы және бір температурадағы пайдаланылмаған оқшаулаушы майлар бір-бірімен араласатын және үйлесетін деп есептеледі (сондай-ақ IEC 60422 қараңыз).

5.4 Бірдейлендіру және жеткізуге қойылатын жалпы талаптар

a) Май, әдетте, топтамалармен, теміржол цистерналарына, контейнер-цестерналарға құйылып немесе салмақты жүктерге арналған жүк көтергіштігі орташа металл бөшкелерге немесе контейнерлерге буып-түйіліп жеткізіледі. Ластанбасы үшін олар таза және осы мақсатқа сәйкес болуға тиіс.

b) Май бар бөшкелерде және сынамаларға арналған контейнерлерде, кем дегенде, мынадай таңбалау болуға тиіс:

- өнім берушінің белгіленуі;
- майдың жіктелуі;
- майдың мөлшері.

c) Майды әрбір жеткізілімде, кем дегенде, мынаны белгілейтін өнім берушінің құжаты қоса жүруге тиіс: өнім берушінің белгіленуі, майдың жіктелуі және сәйкестік сертификаты. Сатып алушының сұрауы бойынша, өнім беруші қосымның болуын (типін, концентрациясын) көрсетуге тиіс.

5.5 Сынамаларды іріктеу

Сынамаларды іріктеу IEC 60475-те сипатталған процедураға сәйкес жүргізілуге тиіс.

6 Қасиеттері, олардың маңыздылығы және сынау әдістері

6.1 Тұтқырлық

Тұтқырлық жылу беруге және осылайша жабдықтың температурасын көтеруге әсер етеді. Тұтқырлық төмен болған сайын жылуды жақсы бере отырып, май оңай айналады. Төмен температура салдарынан майдың жоғары тұтқырлығы салқындату қосылған (жұмыс істеп тұрған) трансформаторларды суықтай іске қосу үшін айтарлықтай фактор болып табылады (айдалудың болмауы және осылайша, ыстық нүктелерде ықтимал қызып кету). Осындай тұтқырлық жоғары вольтті күш ажыратқыштары, коммуникациялық аппаратура, жүктемедегі кернеуді реттейтін ауыстырып қосқыш құрылғы, сорғылар және реттегіштер сияқты жылжымалы бөлшектердің жылдамдығына кері әсер етеді. LCSET кернеуіндегі трансформаторды қосатын ең аз температура кезіндегі тұтқырлық 1800 мм^2/с (тиісінше минус 40 °С кезінде 2500 мм^2/с, 1-кестені қараңыз) аспауға тиіс. Трансформатор майы үшін LCSET кернеуіндегі трансформаторды қосатын ең аз температура осы стандартта минус 30 °С ретінде анықталады (бұл IEC 60076-2-тегі көрсетілген мәннен 5 К төмен). Басқа LCSET (1-кестені қараңыз) өнім беруші мен сатып алушы арасында келісіледі.

Тарату құрылғыларына арналған төмен температуралы майда LCSET кезінде барынша төмен тұтқырлық болуға тиіс: макс. 400 мм^2/с. Коммуникациялық аппаратураға арналған төмен температуралы майдың LCSET стандартты температурасы минус 40 °С белгіленеді, бірақ басқа LCSET өнім беруші мен сатып алушы арасында келісіледі.

1-ЕСКЕРТПЕ ҚОСЫЛҒАН режимінде салқындатуға қатысты қосымша ақпарат (сорғысыз майдың табиғи циркуляциясы), IEC 60076-2-ден қараңыз.

2-ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта тұтқырлықтың төменгі шегі болмайды, бірақ белгілі бір жағдайларда, тұтқырлығы 7 мм^2/с /40 °С кем май аспирацияны дамытудың әлеуетті қаупі деп есептеледі.

1-кесте – Кернеудегі трансформаторды қосатын ең аз температура кезіндегі трансформатор майының ең жоғары тұтқырлығы және қату температурасы (LCSET)

Кернеудегі трансформаторды қосатын ең аз температура °С	Ең жоғары тұтқырлық $мм^2/с$	Ең жоғары қату температурасы °С
0	1800	минус 10*
минус 20	1800	минус 30*
минус 30	1800	минус 40
минус 40	2500	минус 50*
* Қосымша		

Тұтқырлық IEC 61868-ге сәйкес ең аз температурада өлшенуге тиіс.

6.2 Қату температурасы

Оқшаулаушы минерал майдың қату температурасы май аққыштығын сақтайтын ең аз температура болып табылады. Қату температурасы, кем дегенде, кернеудегі трансформаторды (LCSET) қосатын ең аз температурадан 10 К төмен болуға тиіс. Депрессантты қосымды пайдалану кезінде өнім беруші пайдаланушыға ақпарат беруге тиіс. Қату температурасы ISO 3016-ға сәйкес өлшенуге тиіс.

6.3 Су мөлшері

Оқшаулаушы минерал майдағы судың төмен мөлшері диэлектриктің тиісті электр беріктігіне және лиссипативтік шығындардың төмен деңгейіне қол жеткізу үшін қажет. Байланысты емес судың бөлінуін болдырмас үшін, жаңа оқшаулаушы майда судың шектелген мөлшері болуға тиіс. Электр жабдығын толтырғанға дейін майды IEC 60422 талаптарына сәйкестік үшін өңдеу керек. Сатып алушының талабы бойынша, майды жеткізіп беруші қатты бөлшектер мен ылғалды жою, сондай-ақ ерітілген ауаны вакуумдау арқылы жою мақсатында өңдегеннен кейін (Ескертпені қараңыз), 70 кВ кем емес өткізу кернеуін ұстай отырып, майда жоғары электр беріктігі болуға тиістігін көрсетуге тиіс. Судың мөлшерін IEC 60814-ке сәйкес өлшеу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Осы зертханалық өңдеу кеуек шыны сүзгі арқылы (кеуектілігі 4) вакууммен (2,5 кПа төмен қысым) 60 °С кезінде сүзуден тұрады.

6.4 Өту кернеуі

Трансформатор майдың өту кернеуі электр жабдығындағы электр кернеуіне кедергі жасау қабілетін көрсетеді. Өту кернеуі IEC 60156-ға сәйкес өлшенуге тиіс.

6.5 Диэлектр шығындары бұрышының тангенсі (DDF)

DDF - майдан туындаған диэлектр шығыны шамасы. Диэлектр шығындары бұрышы тангенсін ұлғайту (tg δ) майдың ылғалмен, бөлшектермен, еритін полярлық ластағыштармен ластануын немесе тазартудың нашар сапасын көрсетеді. Диэлектр шығындары бұрышының тангенсі 90 °С кезінде IEC 60247-ге немесе IEC 61620-ға сәйкес өлшенуге тиіс. Даулар туындаған жағдайда IEC 60247 бойынша 90 °С кезінде өлшеу нәтижелерін пайдалану керек.

ЕСКЕРТПЕ Тараптардың келісімі бойынша, диэлектр шығындары бұрышының тангенсі 90 °С қарағанда өзге температураларда өлшенеді. Мұндай жағдайларда өлшеу температурасы есепте көрсетілуге тиіс.

6.6 Сыртқы түрі

Көзге көрінетін кірдің, еркін ылғалдың немесе өлшенген заттардың бар екеніне оқшаулаушы майды көз шамасымен бақылау шамамен 10 см қабат қалыңдығы кезінде және қоршаған орта температурасы кезінде түсіп тұрған жарықта берілген үлгіні зерттеу арқылы орындалады.

6.7 Қышқылдық

Қолдануда болмаған оқшаулаушы минерал май бейтарап болуға және құрамында қышқыл қосылыстары болмауға тиіс. Қышқылдылық IEC 62021-1 бойынша орындалуға тиіс.

6.8 Беткі кернеу (IFT)

Беткі төмен кернеу қажетсіз кірлердің бар екенін көрсетеді. Беткі кернеу ISO 6295-ке сәйкес өлшенеді.

6.9 Күкірттің мөлшері

Трансформатор майында шикі мұнайдың тегіне, оны тазарту (тазалау) дәрежесі мен типіне байланысты әр түрлі күкірт органикалық қосылыстар болады. Күкірт пен хош иісті көміртектер қоспалары алып тасталады. Күкірттің кейбір қосылыстарында металдармен ұқсастық болатыны салдарынан, олар мыс пассиваторлар ретінде шыға алады немесе жемірілуге ықпал ете алады.

Күкірт мөлшері BS 2000, 373 [3] бөлімі немесе ISO 14596 бойынша өлшенуге тиіс.

6.10 Жемірілу күкірті

Кейбір күкірт қосылыстары, мысалы, меркаптандар, болат, мыс және күкірт сияқты металл беттеріне қатысты өте жемірлгіш болып табылады (тарату құрылғыларының байланыстары) және олар жаңа майдың ішінде болмауға тиіс. Жемірілу күкіртін DIN 51353 [1] бойынша өлшеу керек.

6.11 Антиоксидант қосымның мөлшері

Мұнай майларына антиоксидант қосым (ингибитор) олардың тотығуын тежейді және осылайша тұнба мен қышқылдықтың түзілуіне кедергі келтіреді. Таусылғанын бақылау

мүмкін болуы үшін антиоксидант қосымды қандай үлесте қосатынын білген маңызды. 2,6-ди-терт-бутил-п-крезол (DBPC) барынша жиі қолданылатын антиоксидант болып табылады. Сондай-ақ басқа да қоспалар қолданылады. Белгіленген антиоксидант қосымдарды анықтауды және өлшеуді IEC 60666-ға сәйкес анықтау керек. Майда бар әрбір антиоксидант қосымның типі мен саны сапа сертификатында көрсетілуге тиіс. Егер рафинациялау процесінде тұрақтандырғыштар пайдаланылса, онда олардың болуы өнім беруші мен сатып алушы арасында келісілуге тиіс.

6.12 Тотығуға төзімділік

Майдың тотығуы қышқылдық деңгейін көтереді және мұнай қоқысының түзілуіне ықпал етеді және қоқыс қалдықтарын, электр шығындарын, металл жемірілуді, электр істен шығуды және оқшаулау заттарының ең аз пайдаланылу мерзімін азайту арқылы барынша ұзақ пайдалану мерзіміне апаратын жоғары тотығу тұрақтылығы жағдайында азаяды. Тотығуға төзімділік IEC 61125 С әдісіне сәйкес өлшенеді. Арнайы қолданыстарды барынша қатаң шектеу нұсқасы (таңдауы) бар. Кейбір елдерде барынша қатаң шектердің талаптары және/немесе қосымша талаптар және сынақтар болуы мүмкін.

6.13 Газ бөлу

Электр кернеуінің әсерімен оқшаулаушы минерал майдан газ бөлу және сіңіру қасиеттері жоғары кернеулі арнайы трансформаторлар үшін маңызды болып табылады, өйткені ол белгілі бір зертханалық жағдайларда майға сутегінің бөліну және абсорбциялау жылдамдығын көрсетеді. Газды абсорбциялау майдың хош иістілігіне байланысты және майдың қышқылдануы арқылы жанама бақылауға жатады. Газ бөлу IEC 60628 стандартының А әдісімен ғана өлшенеді. Газ бөлу ерекше талаптарға жатады.

6.14 Электр статикалық зарядтың жиналу қасиеті

Майдың электр статикалық зарядының жиналу қасиеті (ECT) майды айдау кезінде электр статикалық заряд жиналатын жоғары (HV) және өте жоғары (EHV) кернеулі трансформаторлардың кейбір құрастырылымдары үшін маңызды. Осындай заряд трансформатордың істен шығуына соқтыруы мүмкін. Электр статикалық зарядты өлшеу әдісі CIGRE SC 12 [4] ұсынылады.

Электр статикалық зарядтың қасиеті ерекше талаптарға жатқызылады.

6.15 Тұтану температурасы

Электр жабдықтың қауіпсіз жұмысы ISO 2719-ға сәйкес өлшенген тиісті жоғары тұтану температурасын талап етеді (Пенски-Мартенс әдісі бойынша).

6.16 Тығыздық

Майдың тығыздығы суық климатта еркін судың қатуын және май бетінде қалқып жүрген мұздың пайда болуын болдырмас үшін жеткілікті төмен болуға тиіс, бұл өткізгіштердің бұдан әрі тесіліп, бұзылуға соқтырады. Тығыздық ISO 3675-ке сәйкес өлшенуге тиіс (төрелік әдіс), бірақ ISO 12185 бойынша әдіс те қолданылады.

6.17 Полициклді хош иісті қосылыстар

Кейбір полициклді хош иісті қосылыстар (PCA) канцерогендер ретінде жіктеледі, сондықтан оқшаулаушы минерал майдағы олардың мөлшерінің қолайлы деңгейін бақылау

қажет. Полициклді хош иісті қосылыстар BS 2000 британ стандартының, 346 [2] бөлімі, әдісі бойынша диметилсульфоксидпен шайғындау арқылы табуға болатындай тәсілмен анықтайды.

6.18 Полихлорланған бифенилдер

Қолданыста болмаған оқшаулаушы минерал майлардың құрамында полихлорланған бифенилдер болмауға тиіс. Төрелік әдіс IEC 61619 стандартында белгіленген. Жеке шыңды анықтау шегі 0,1 мг/кг құрайды.

ЕСКЕРТПЕ Барлық барынша үлкен жол берілетін деңгейлер ұлттық регламенттерде (ережелерде) белгіленген.

6.19 2-фурфурол және оған жақын химиялық қосылыстар

Қолданыста болмаған оқшаулаушы минерал майлардағы 2-фурфурол және оған жақын химиялық қосылыстар пайдаланылған маймен ластану нәтижесінде немесе өңдеу кезінде сольвентті (еріткішті) шайғындағаннан кейін тиісінше емес қайта айдау нәтижесінде майға түсуі мүмкін.

Қолданыста болмаған оқшаулаушы минерал майларда 2-фурфурол және оған ұқсас қосылыстардың төмен деңгейі болуға тиіс, өлшеу IEC 61198 стандарты талаптарына сәйкес өткізілуге тиіс.

2-кесте – Жалпы техникалық талаптар (шарттар)

Қасиет	Сынау әдісі	Шекті жол берілетін мәндер	
		Трансформатор майы	Реттейтін құрылғыларға арналған төмен температуралы май
1 - Көрсеткіш			
40 °С кезіндегі тұтқырлық	ISO 3104	Макс. 12 мм^2 /с	Макс. 3,5 мм^2 /с
минус 30 °С [a] кезіндегі тұтқырлық	ISO 3104	Макс. 1800 мм^2 /с	–
минус 40 °С [b] кезіндегі тұтқырлық	IEC 61868	–	Макс. 400 мм^2 /с
Қату температурасы [a]	ISO 3016	Макс. минус 40 °С	Макс. минус 60 °С
Су мөлшері	IEC 60814	Макс. 30 мг/кг [c] /40 мг/кг [d]	
Өту кернеуі	IEC 60156	Мин. 30 кВ / 70 кВ [e]	
20 °С кезіндегі тығыздық	ISO 3675 или ISO 12185	Макс. 0,895 г/мл	

2-кесте *(жалғасы)*

90 °С кезіндегі диэлектр шығыны бұрышының тангенсі	IEC 60247 немесе IEC 61620	Макс. 0,005	
2 - Тазарту / тұрақтылық			
Сыртқы түрі	_	Таза, құрамында тұнбалар мен өлшенген бөлшектер жоқ	
Қышқылдылық	IEC 62021-1	Макс. 0,01 мг КОН/г	
Беткі кернеу	ISO 6295	Жалпы талаптың болмауы [f]	
Күкірттің жалпы мөлшері	BS 2000, 373 [3] бөлімі немесе ISO 14596	Жалпы талаптың болмауы	
Жемірілу күкірті	DIN 51353 [1]	Түзетпейді	
Антиоксидант қосым	IEC 60666	(U) Ингибирленбеген май: анықталмаған (T) Ингибиторлы ізі қалатын май: макс. 0,08 % (I) Ингибирленген май: 0,08 – 0,40 %	
2- фурфурола мөлшері	IEC 61198	Макс. 0,1 мг/кг	
Қасиеттері	Сынау әдісі	Шегі	
		Трансформатор майы	Реттеуші құрылғыларға арналған төмен температуралы май
3 – Пайдалану сипаттамалары			
Қышқылдануға төзімділік [1]	IEC 61125 (C әдісі) Сынақтың ұзақтығы: (U) Ингибирленбеген май: 164 сағ (T) Ингибиторлы ізі қалатын май: макс. 332 ч (I) Ингибирленген май: 500 сағ		
- Жалпы қышқылдылық		Макс. 1,2 мг КОН/г [1]	
- Қоқыс		Макс 0,8 % [1]	
90 °С кезінде диэлектр шығындары (DDF) бұрышының тангенсі	IEC 60247	Макс. 0,500 [1]	

2-кесте *(жалғасы)*

Газ бөлу	IEC 60628, A	Жалпы талаптың болмауы	
4 – Еңбек қорғау, қауіпсіздіктің және қоршаған ортаның техникасы			
Тұтану температурасы	ISO 2719	Мин. 135 °C	Мин. 100 °C
PCA мөлшері	BS 2000, 346 [2] бөлімі	Макс. 3 %	
PCB мөлшері	IEC 61619	Анықталмаған	

[a] Осы трансформатор майына арналған *LCSET* стандарттық температура (5.1 қараңыз) әрбір елдің климаттық жағдайларына байланысты өзгере алады. Қату температурасы, кем дегенде, *LCSET* 10 К төмен болуға тиіс.
[b] Тарату құрылғыларына арналған майдың *LCSET* стандартты температурасы.
[c] Ірі топтамалармен жеткізу үшін.
[d] Цистерналармен және аралық көтерме контейнерлермен жеткізу үшін *(IBC)*.
[e] Зертханалық өңдегеннен кейін (6.4 қараңыз).
[f] Жалпы талап ретінде қолданған жағдайда, кем дегенде, 40 мН/м шек ұсынылады.

[1] Кейбір елдерде барынша қатаң шектер және/немесе қосымша талаптар белгіленеді.

7 Арнайы қолдануға арналған ерекше талаптар

7.1 Күкірттің тотығуына және төмен мөлшеріне өте төзімділігі

Жұмыс температурасы жоғары немесе барынша ұзақ пайдаланылу мерзіміне есептелген трансформаторлар үшін, тотығуға төзімділікті сынағаннан кейін (IEC 61125 қараңыз, С әдісі) регламенттелген шектер белгіленеді. Көптеген жағдайларда осындай май ингибрленген болып табылады [2, 3].

- Жалпы қышқылдылық: макс. 0,3 мг КОН/г;
- Қоқыс: макс. 0,05 %;
- DDF, (tg δ) 90 °C кезінде: макс. 0,050;
- Күкірттің жалпы мөлшері: макс. 0,15 %.

7.2 Электр статикалық зарядтың жиналу қасиеті

Жылдамдығы жоғары май-еріксіз (OF) немесе май-бағытталған (OD) циркуляциялы күштік трансформаторлар үшін (IEC 60076-2), мысалы, жоғары вольтті трансформаторлар/тұрақты токты трансформаторлар үшін шек сатып алушы мен дайындаушы арасында келісіледі.

7.3 Газ бөлу

Кернеудің электр өрісі жоғары жабдық үшін немесе арнайы құрастырылым үшін, кернеудің ерекше жағдайларында бөлінетін газ май арқылы сіңірілуге тиіс. Сондықтан IEC 60628-ге сәйкес газ бөліну мүмкіндігі майды пайдаланушы мен дайындаушы арасында келісілуге тиіс.[4]

[2] Кейбір елдерде барынша қатаң шектер және/немесе қосымша талаптар белгіленеді.

[3] Кейбір елдерде 2 сағ тотыққаннан кейін макс. 0,020 диэлектр шығыны бұрышының тангенсі (IEC 61125 қараңыз, С әдісі) өте жоғары кернеулі өлшеуші трансформаторларда және жоғары вольтті кіріс құрылғыларда қолдану үшін тиімді ретінде қарастырылады.

[4] Кейбір елдерде шектеулер бар.

Д. А қосымшасы
(ақпараттық)

Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандарттарының сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Сілтемелік халықаралық стандарттың белгіленуі	Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік стандартының белгіленуі мен атауы
ISO 2719:2002	ҚР СТ ИСО 2719-2005 Тұтану температурасын анықтау. Жабық отбақырашты Пенски-Мартенс құралын қолданып жасалатын әдіс
ISO 3104:1994	ҚР СТ ИСО 3104-2008 Мұнай өнімдері. Мөлдір және мөлдір емес сұйықтықтар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау және динамикалық тұтқырлықты есептеу
ISO 3675:1998	ҚР СТ ИСО 3675-2004 Шикі мұнай және сұйық мұнай өнімдері. Ареометрді пайдаланып тығыздықты анықтауға арналған зертханалық әдіс
ISO 12185:1996	ҚР СТ ИСО 12185-2005 Шикі мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты анықтау. U-тәрізді түтікті осцилляциялау әдісі
ISO 14596:2007	ҚР СТ ГОСТ Р ЕН ИСО 14596-2010 Мұнай өнімдері. Толқын ұзындығы бойынша дисперсиялы рентгенофлуоресценттік спектрометрия әдісімен күкірт мөлшерін анықтау

Библиография

[1] DIN 51353:1985 Detection of corrosive sulfur – Silver strip (Жемірілу күкіртін анықтау. Күміс индикатор жолақ көмегімен талдау).

[2] BS 2000, 346-бөлім:1996 Determination of polycyclic aromatics in lubricant base oil and asphaltene free petroleum fractions – Dimethylsulfoxide refractive method (Құрамында асфальтен жоқ майлау майындағы және мұнай бөлшектеріндегі полициклді хош иісті көмір сутектерді анықтау. Диметилсульфоксидті бұзатын әдіс).

[3] BS 2000, 373-бөлім:2010 Determination of the sulfur content of light and middle distillates – Oxidative microcoulometry (Жеңіл және орташа екшемді күкірт мөлшерін анықтау. Қышқылдандырғыш микрокулонометрия).

[4] CIGRE SC 12: 2000 Static electrification in power transformers – Technical Brochure, Product Id 170 [2000]) (Күш трансформаторларындағы статикалық электрлеу (CIGRE ПК 12. Техникалық брошюра).

ӘОЖ 621.81.001.2 (031) **МСЖ** 29.180; 29.040.0; 29.130

Түйінді сөздер: минерал майлар, трансформаторлар, тарату құрылғылары, май қасиеттері, жіктеу, бірдейлендіру, оқшаулаушы майларға қойылатын талаптар, электр техникасы

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Жидкости электротехнического назначения

НОВЫЕ ИЗОЛИРУЮЩИЕ МИНЕРАЛЬНЫЕ МАСЛА ДЛЯ ТРАНСФОРМАТОРОВ И КОММУНИКАЦИОННОЙ АППАРАТУРЫ

СТ РК МЭК 60296-2011

IEC 60296:2003-11 Edition 3 (E) Fluids for electrotechnical applications – Unused mineral insulating oils for transformers and switchgear (IDT)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и Техническим комитетом по стандартизации № 70 «Стандартизация ресурсосбережения».

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 11 октября 2011 г. № 607-од.

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту IEC 60296:2003-11 Edition 3 (E) Fluids for electrotechnical applications - Unused mineral insulating oils for transformers and switchgear (Жидкости электротехнического назначения. Новые изолирующие минеральные масла для трансформаторов и коммуникационной аппаратуры).

Стандарт IEC 60296:2010 был подготовлен ТК 10 МЭК «Жидкости для электротехнического применения».

Официальные экземпляры стандарта IEC 60296:2010, на основе которого подготовлен настоящий государственный стандарт и на которые даны в нем ссылки, имеются в Государственном фонде технических регламентов и стандартов.

Официальный перевод с английского, на основе которого подготовлен идентичный государственный стандарт, выполнен РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации».

Нормативные ссылки в идентичном государственном стандарте актуализированы.

Сведения о соответствии ссылочных международных стандартов государственным стандартам Республики Казахстан приведены в Приложении Д. А.

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2018 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Государственные стандарты».

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

Содержание

Введение IV
1 Область применения 1
2 Нормативные ссылки 1
3 Термины и определения 3
4 Свойства масла 4
